



# ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

**Мемлекет басшысы Жолдауында Әділетті Қазақстан құру жолындағы реформалардың нақты бағына тоқталды.**

Атап айтқанда, кәсіпкерлікті қолдау, бәсекелестікті дамыту, салық және бюджет саясаты, жер қойнауын игеру, су тапшылығы, инвестиция тарту, ұлттық табысты әділ бөлу, жергілікті жолдарды жақсарту, ауыл шаруашылығын дамыту және тағы басқа да маңызды міндеттерді шешудің жолдарын көрсетті.

Жолдауда барлық азаматқа тең мүмкіндік беру арқылы экономикалық дамуды қамтамасыз ету, білім, денсаулық сақтау саласын, орта және шағын бизнесті дамыту, сот жүйесін жаңғырту сияқты көптеген бағыттар қамтылған.

**Жолдауда көтерілген ең өзекті тақырыптың бірі – елдегі сайлау жүйесіне қатысты.**

Мемлекет басшысы биыл Президент сайлауын, келесі жылы Парламент және барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын өткізуді ұсынды.

Сондай-ақ Президент өкілеттігі мерзімдерінің санын және ұзақтығын қайта қарау қажет екенің мәлімдеді. Президент мандатының ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынды. Бірақ қайта сайлануға тыйм салынады.

Осындай саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласының мән маңызын кезең-кезеңімен арттыруға ықпал етеді.

Соңғы кезде жиі көтеріліп жүрген мәселе әйелдердің зейнетке шығу жасына қатысты. Кенінен көтеріліп жүрген әлеуметтік сауалды ескере отырып, әйелдер үшін зейнетке шығу жасының межесі 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде бекітіледі, деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ елімізде ең төменгі жалақы деңгейі 60 мыңнан 70 мың теңгеге дейін көтеріледі. Яғни еліміздегі 1,8 млн адамның кірісі артады.

**«Мемлекет ең төменгі жалақыны анықтаудың жаңа әдістемесін енгізеді. Ол жалақы мөлшерін кезең-кезеңмен ұлғайтуға мүмкіндік береді»**

«Ұлттық қор-балалар үшін» бағдарламасы аясында ұлттық қордың инвестициялық табысының 50 пайызы 18 жасқа толғанға дейін мерзімінен бұрын алу құқығынсыз арнайы жинақ шоттарына бөлінеді. Балалар көмелеттік жасқа толғаннан кейін жинақталған сома тұрғын үй сатып алуға және білім алуға жұмсалады. Аталған жоба 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосылады.

Жолдауда шешімін тапқан тағы бір өзекті мәселе – жәрдемақы. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап ата-аналар мен балаларға арналған үлкен қолдау бала күтімі бойынша төлем мерзімін 1,5 жылға дейін ұзартты.

**Денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізіледі.**

Медициналық көмек мемлекет кепілдік берген және сақтандыру пакеті деп екіге бөлінген. Ашығын айтсақ, мұндай жүйенің тиімділігі төмен.

Осы салаға қаржының жеткілікті бөлінбеуі қалыпты жағдайға айналған. Соның кесірінен, жұрт сақтандыру жүйесіне қосылса да, медициналық қызмет толық көлемде көрсетілмей отыр».

**Келесі ауқымды мәселе – құқық қорғау органдарын реформалауға қатысты.**

Жолдауда адам өлтіру, қарақшылық жасау сияқты ауыр қылмыстар көбейгеніне тоқталып, жазаны



қатайту қажеттігін атап өтті. «Қасіретті қаңтар» оқиғасына қатысты бірқатар мәселелер айтылды.

**Қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдады**

«Мемлекет қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың жазасын жеңілдетті. Заң бұзғандардың бірқатары кінәсін түсініп, өткен іске өкініп отыр. Оларға кешіріммен қараған дұрыс деп ойлаймын», - деді

Президент. Амнистия ауыр қылмыс жасағандарға қолданылмайды.

Мемлекет басшысы Бюджет кодексіне және Салық кодексіне өзгерістер енгізетінін айтты.

«Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет.

**Бұл – стратегиялық міндет.**

Үкімет агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеуге тиіс.

Бюджет қаражатының қайтарымы болуы керек. Мемле-

кет қаржыны оңды-солды шашып, ысырап етуге жол бермейді. Субсидия бөлуге және оның жұмсалыуына жүргізілетін бақылауды күшейту керек **2025 жылға дейін жолдардың 95 пайызы жақсартылады.**

**Жер мәселесі бойынша**

Комиссия жұмысы аясында қазірдің өзінде 2,9 миллион гектарға жуық ауыл шаруашылығы жерлері мемлекет меншігіне қайтарылды.

Жыл соңына дейін кемінде 5 миллион гектар жерді қайтару жоспарлануда.

Пайдаланылмаған немесе заңға қайшы берілген жерлердің жалпы көлемі шамамен 10 миллион гектарды құрайды.

Үкімет пен әкімдер 2023 жылдың соңына дейін олар бойынша нақты шешімдер қабылдауы керек. Оның үстіне жер мәселесіне қатысты тексерулерге мораторий алынып тасталды.

**Келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беруі**

«Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіле бермек. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді».

Оқу үшін 2-3% жеңілдікпен кредиттер де берілетін болады.

Өз сөзінде қуатты ұлттың діңгегі халық екендігін айтқан Президент ел бірлігіне ерекше мән берді.

Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз. Ендеше, Әділетті Қазақстанды бірге құрайық!», - деді Мемлекет басшысы.

Ендеше, Мемлекет басшымыз айтқандай, «Бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік ағайын!»

**Қ. САТАНОВ, Мәслихат хатшысы**

## А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ 12 ТОМДЫҚ ШҰҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ



Қазақстанда ұлы ағартушы ғалым, қоғам және саяси қайраткер **Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы аталып өтуде. Мерейтой аясында бірқатар маңызды ғылыми-зерттеу, мәдени және қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Жыл соңына дейін Ахмет Байтұрсынұлының 12 томдық еңбектер жинағын басып шығару және оны еліміздің кітапханаларына тарату жоспарланған. Сондай-ақ мерейтой аясында ұлы ағартушының өмірі мен қызметі туралы толықметражды көркем фильм түсірілімі жоспарланып отыр.**

«Бүгінде біз ұлт ұстазы, қазақ тіл білімінің атасы, төл әліпбиіміздің негізін қалаушы **Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын атап өтудеміз. Өкінішке қарай, киелі Торғайдағы бүгінгі торқалы той тілсіз жаудың кесірінен тоқтатылып отыр. Кешелі бері Қостанай халқына қол ұшын созып жатқан жандардың саны артып келеді. Бұл – бірлігіміз бен ынтымағымыздың белгісі. Халқымыз қандай қиындықты да осындай бірлікпен еңсерген. Ең бастысы, ел аман болып, ұлы тойдың қайта жаңғыруына тілектеспін», - деді Еуразия ұлттық университетінде өткен «А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы» атты ғылыми-практикалық конферен-**

ция аясында ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

Айта кету керек, жыл басынан бері Ахмет Байтұрсынұлының есімі республикамыздағы 1 ауылға, 200-ден астам көшеге және 39 мектепке, 1 әуежайға, 1 музейге берілген. Сондай-ақ, шетелде іс-шаралар жоспарланған. 2021 жылы ЮНЕСКО-ның Бас конференциясында қазақ педагогының мерейтойлық күнін осы ұйымның атаулы күндерінің халықаралық күнтізбесіне енгізу туралы шешім қабылданған.

Сонымен қатар, бүгін елордадағы Жазушылар аллеясында «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.

ҚР МСМ Баспасөз қызметі

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ - МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ



**Тіл-ең ұлы қару. Тіл-ең асыл құндылық. Тіл-бүкіл бір халықтың жүрегі, ұлттың жаны. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай қасиетті мұрамыз, ана тіліміз - қазақ тілі.**

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы –тіл», - деп айтқан Ахмет Байтұрсынұлының ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Демек, біздің міндетіміз –қазақ тілінің мәртебесін асқақтатып, асыру болмақ. Осы тұста мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында - 2022 жылдың 5 қыркүйек күні Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан халқы тілдер күні және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» атты мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдерінің арасында байқау өтті.

Бұл байқауға Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Ескелді аудандық филиалының оқытушысы Бекбосын Назгүл Жұмаханқызының жетекшілігімен А1 қарапайым деңгейінің тыңдаушысы Артюхова Екатерина қатысты. Әр кезең бойынша өнері мен білімін көрсетіп, алғыс хатпен марапатталып, 25 мың теңге ақшалай ынталандыру сыйлығына ие болды.

Өз тілін сүйе отырып, өзге тілге құрмет білдіріп, мемлекеттік тілді жетік меңгергені үшін Артюхова Екатеринаға өз ризашылығымызды білдіреміз.

**Ә.ЖҰМАТАЕВА**

«Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» КММ Ескелді аудандық филиалының меңгерушісі.

# ЖАРҚЫН ШЫҚҚАН ЖОЛДАУ

Тыйылғандай дағдарыста, даму да Жылынғандай қаһарлы қыс, қарың да Басшымыздың елге арнаған жолдауы Жанымызға нұрлы шуақ құйғандай, - демекші Мемлекет басшысының жалау еткен Жолдауына әрбір қазақстандық жүгінуі міндетті. Біз үшін Отаннан асқан байлық, Отаннан асқан дәулет жоқ. Ендеше сол Отанымыздың тәуелсіздігін сақтап одан әрі дамуына баршамыз үлес қоса білейік. 2022 жылдың 1 қыркүйегінде Мемлекет басшысы халыққа кезекті жолдауын жария етті. Алдымен жолдау дегеніміз не? Жыл сайын жарияланатын жолдаудан жылу бар ма? Жолдаудан халық не күтеді. Халық пен тығыз байланыстық. Халық не дейді. Президент Жолдауы жыл сайын бірегей сипатта болады, сондықтан заманауи Қазақстанды жүйелі жаңғыртудың кешенді шаралары мен нақты бағдарламасы бар, себебі онда Мемлекет басшысы дәстүрлі түрде біздің қоғамымыздың даму векторын белгілейді. Қазақстан халқына Президентінің жыл сайынғы Жолдауы – республиканың кез-келген тұрғыны үшін маңызды оқиға. Әркім бұдан бастысы өзі үшін бағытты табады. Бұл нақты тәжірибелік істердің бағдарламасы, сөзсіз, барлық қазақстандықтарға қатысты.

**- Асхат Тұрарұлы, ақын.**

- Мен, өз басым жолдауды жыл сайын тоспаймын. Маған келіп кетер ешнәрсе жоқ. Жасарымды жасап, асарымды асаған адаммын. Біздің елде тек, өз мақсатыңмен бағытың айқын болмаса, өмір сүру қиын.

**- Жанна Байтілесова, ауыл тұрғыны.**

Жыл сайын оқимын, жолдауды күтемін. Жыл бойына талқылаймын. Бір жолғы берген жолдаудан қандай Мемлекетімізде өзгерістер болды. Соны түйіндеймін. Бала-шаға ма жетік түсіндіріп, әр жолдаудың айқын мақсатын жеткізіп отыруға тырысамын. Бала өскен сайын, өзінің қай маемлекетте өсіп, өніп жатқанын білуі тиіс. Биылғы жолдаудың маған ұнаған жері, осы күнге дейін болмаған нәрселер айқын айтылды. Тек жүзеге асса болғаны. Мәселен, балларға арналған қор. Содан барып сыр мемлекеттен келетін көліктерге жеңілдік. Мұның бәрі маған қатты ұнады. Мемлекет басшысы халықтың мұңына, жағдайына көзқарасы түзелді деген осы. Тек іске асса болғаны. Айтылған жерде қалатын мәселелерге әбден етіміз үйрендік қой осы күнге дейін. Міне, осындай жәйттер, қапы қалмаса болғаны.

**Жанна Байтілесованың сөзінше, осы жолғы жолдаудан мемлекет басшысы барлық жағдайдан хабардар екені, халықтың мұң-мұқтажын, сұранысын білетіні, заманға сай шешімдерді қабыдағаны көрінді, байқалды.**

- Тұрыс Жанайқап, шыны керек, ең күтпеген жаңалық – балалардың есепшотына ұлттық қордан ақша аударып

отыру шешімі болды. 18 жасқа дейін әр баланың есепшотына ақша аударылып, содан кейін бала үлкен өмірге қадам басқанда ол ақшаны оқуға және үй алуға жұмсай алатыны айтылды. Мұндай тәжірибені біз шет елдерінен және басқа да дамыған мемлекеттерден көретін едік. Қызығып қарайтын едік. Бұл жаңалықтың бізге келгені жастарымыздың үлкен өмірге еш қиындықсыз қадам басып кетуіне септігін тигізеді деп ойлаймын. Себебі әр жас үшін үлкен өмірге қадам басқанда жұмысқа орналасу, үй алу, үйлену деген мәселелер өзекті мәселе болып отыр. Тұратын жеріне ата-ана жағдайын жасай алса, енді бірі тамағына табалмай жатады. Оқу бітіріп, сыртқа кеткен әрбір баланың шығыны шаш етекпен. Бұл да болсын бізге асқан бір көмек.

- Әлия, Қазақстан студенттеріне, жастарға оқу және бизнеспен айналысу үшін берілетін жеңілдікті несиелер берілетініне ерекше тоқталды. Маған ұнаған жері осы. Себебі, жастарымызды қолдау, қорғау керек. Әрбір бастаған игі істеріне қолдау танытпасақ, батқаны батқан. Жастардың оқуына жылдық 2-3% жеңілдікпен несиелер берілмек. Себебі президент отандық жоғары оқу орындарының сапасы артқан сайын олардағы білімнің құны да өсетінін айтты. Сонымен қатар кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету үшін жастарға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5% болатын шағын несиелер берілетіні айтылды. Дәл қазіргі заманда жастардың кәсіп ашып, бизнеспен айналысуға құлшынысы жоғары екенін байқап жүрміз. Осы несиелер сол жастарға жаңа серпін береді деп ойлаймын. Келесі жылы түрлі шаралар арқылы 100 мың жасқа жұмыс берілу керек екенін де жеткізді. Бұл жұмыссыздықты азайтуға көмектеседі деп есептеймін. Ерекше атап өтетін тағы бір мәлімдеме – ең төменгі жалақы деңгейін 60 мыңнан 70 мың теңгеге көбейту. Бұл жерде де маңызды нәрселер бар. Енді президенттік сайлауға түсу мүмкіндігі бір рет қана болады, қайта сайлану құқығына тыйым салынады. Сонымен қатар президенттік мерзім 5 жылдан 7 жылға ұзартылады. 7 жылдық мерзімді заманға сай мерзім деп ойлаймын. Себебі бұл тәжірибе өзге мемлекеттерде қолданылып келеді. Президент өзі айтқандай нақты нәтиже көрсетемін деген адам осы 7 жылда кешенді жоспармен келіп, халықтың әлауқатын жақсарту үшін жұмыс істей алады. Тағы бір тоқталатын мәселе, жастар арасында нашақорлық, синтетикалық есірткінің оңай әрі тез тарауы туралы да жақсы бастама көтергенін айтып отыр. Енді осы мәселемен күресу үшін арнайы бағытталған кешенді жоспар әзірленеді. Соның арқасында әсіресе жастар арасында есірткіге үйір болу, адасу тоқтайды деген сенімдемін. Жастарымызды дұрыс бағытқа жол сілтеп, бастаған әрбір бастамасын қолдау көрсетіп отырсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

**Арай ӘДІЛ**

# ИХ ЗНАНИЯ – НАША СИЛА

**Первого сентября Президент страны Касым-Жомарт Токаев выступил с посланием народу Казахстана. В своем выступлении он дал поручения на развитие различных сфер экономики и общества республики. В своей статье мы провели опрос жителей района и попросили их рассказать, что из Послания им больше всего понравилось.**



**Петр Мяско:**

- В своем выступлении президент сказал: «Важное место в структуре национальной экономики занимает строительный сектор. Он генерирует 5-6% ВВП страны, а с учетом смежных отраслей – значительно больше. Между тем сегодня в Казахстане архитектурно-строительную деятельность регулируют свыше 2,5 тысяч различных документов. Сформирована запутанная, бюрократизированная система, которая плодит коррупцию. До сих пор используются устаревшие строительные стандарты и нормы. Поэтому поручаю Правительству принять концептуально новый документ – Градостроительный кодекс». Как только появятся новые стандарты и все требования будут прописаны в Градостроительном кодексе, что облегчит работу не только строительным фирмам, но и гражданам. Да и в целом будет лучше, когда единые стандарты.

**Анна Герасимова:**

- В своем выступлении Касым-Жомарт Токаев уделил особое внимание образованию наших детей. Он сказал, что необходимо повышать статус воспитателей детских садов и педагогов, а также повышать качество образования для школьников и студентов. Президент сказал и о теме многоязычия в стране: «Учитывая глобальный научно-технический прогресс, важно усилить в старших классах преподавание естественно-математического цикла и английского языка. В обществе ведутся дискуссии вокруг преподавания в школах казахского и русского языков. Скажу предельно ясно: мы должны воспитывать детей, хорошо владеющих и казахским, и русским

языками. Это в интересах подрастающего поколения. Министерство просвещения должно исходить именно из интересов детей, не идти на поводу популистов. Подрастающее поколение в плане полученных знаний, в том числе владения языками, должно твердо стоять на обеих ногах. Их знания – наша сила». Думаю, это стимул получить образование не только для детей, но их родителям поднять уровень своих знаний.

**Ләйля Искандерқызы:**

- 1 сентября наш президент Касым-Жомарт Токаев выступил с посланием народу Казахстана. Он затронул многие важные темы. Одной из таких тем стала тема социального обеспечения. Например, увеличение выплат по уходу за ребенком до 1,5 лет уже с января будущего года. А также, будет внедрение Цифровой карты семьи и Социального кошелька.

Еще одним фактом, который скажет в пользу многодетной семьи являются слова президента о программе «Нацфонд-детям»: «Каждая семья должна получить реальную отдачу от использования национальных богатств страны. Поэтому считаю исключительно важным в рамках объявленного мной Года детей дать старт принципиально новой программе «Нацфонд – детям». Предлагаю отчислять 50% от ежегодного инвестиционного дохода Национального фонда на специальные накопительные счета детей до достижения ими 18 лет, без права досрочного снятия. По достижении совершеннолетия накопленные суммы будут направлены на приобретение жилья и получение образования. Эти средства дадут подрастающему поколению

путевку во взрослую жизнь. Фонд действительно обретет статус национального и будет служить интересам народа». Ведь большинство из нас не стремятся к рождению большего количества детей, из-за невозможности финансового обеспечения детей. А с данной программой дети смогут получить неплохой старт в жизни.

**Сергей Ивинский:**

В своем послании Касым-Жомарт Токаев уделил внимание теме о проблеме автомашин, которые были приобретены в ближнем зарубежье и которые еще до сих пор не прошли растаможку. Наш президент сказал, что эту проблему необходимо урегулировать, а главное легализовать. Ведь эти машины находятся вне правового поля, и они создают угрозу обществу. В своем выступлении он сказал: «Всем известна проблема с автомобилями из некоторых стран ближнего зарубежья. Они остаются вне правового поля, создавая угрозу общественной безопасности. Необходимо принять решительные меры для перекрытия всех нелегальных каналов ввоза машин впрямь. При этом надо урегулировать ситуацию с такими автомобилями, ввезенными до 1 сентября текущего года. Для их легализации предлагаю применить в разовом порядке единый сбор за утилизацию и первичную регистрацию в размере, не превышающем 200-250 тысяч тенге. Эта мера должна коснуться автомобилей, не находящихся в розыске и прошедших таможенную «очистку». Думаю, в ближайшее время, большинство таких автомобилей покинут дороги нашей страны, что сделает их безопасными!

**Елена ТКАЧЕНКО**



# ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ



**Қанымызға сіңісті, жанымызға жұғысты, ой-санамызға нұрлы шуақ сыйлап, сілкіндіріп серпілтетін, марқайтып қанаттандыратын өзіміздің мемлекеттік тіліміз. Тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмайды, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Тіл – қоғамның жемісі. Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.**

Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні, ділі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да — тіл. Ол-қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Бабалардың қанымен, аналардың көз жасымен келген қазақ тілін тәуелсіздік алған 30 жылда қандай деңгейде білеміз? Қазақстанда тұратын қазақстандықтардың қазақшасы қалай? – деген заңды сұрақ туындайды. Ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты – оның ана тілі. Ұлт анасы тіл болып есептеледі. Сонымен бірге ұлттың өмір сүруінің бірінші шарты. Себебі, ұлттың болашағы, елдіктің ертеңі, ұрпақтың келешегін ойлаған әрбір саналы азамат бұл жайдан сырт қалмас.

Егемендігімізді алғаннан кейін мәдениетімізге, әдебиетімізге, салт-дәстүрімізге, тілімізге айрықша мән беретін күн туды. Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік – ана тілден бастау алады. Қазіргі өмірде елімізде қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге де, мемлекеттік тілді дамыта түсуге ешқандай кедергі жоқ. Азаматтардың құқықтары мен заңнамалық негізі бар. Кез келген тілді меңгеру мәселесіндегі басты шарт – адамның өзінің ішкі ой-ниеті мен қажеттілігі. Жетпей тұрғаны – адамдардың ықыласының аздығы. Осы ықыласты оятып, қазақ тілін қоғамдағы бірінші қажеттілікке айнал-

дыру керек. Енді өз тілімізбен өмір сүретін уақыт жетті. Тіл жанашыры М.Шаханов:

**Өз тіліңді мәнсінбеуің, Өз тіліңді жерсінбеуің, Қай дәуірде болып еді тапқырлық?**

Ол – рухи мүгедектік, әрі ұлттық сатқындық, - дейді. Әрине, ХХІ ғасырда Қазақстанда «қазақ тілін дамыту» көңілге кірбің ұялатады. Қазақ тілін «орта деңгейде білем» деген қызметшінің өзі: «не етіп, неден, не істеп келе жатырмын», - дейді. Бұл – жалпақ жұртқа топырақ шашқандық емес. Бұл – күнделікті тұрмыста көзге сүйелдей көрінетін дәлел. Оңды-солды аударудың салдарынан жұрттың қылжағына айналған сөздер көбейіп, кейде өз сөзімізді өзіміз түсінбей жататын жағдайға жеттік. Мысалы: «Қылтимаға шығып, төңірекке қарадым» деген сөзге қалай күлмейсіз. Мұндай мүлдем түсініксіз тәржімелерді өздеріңіз де кездестіріп жүрген шығарсыздар. Газетті – «жариядат», минералды – «арасан», энциклопедияны – «мағлұнанама», технологты – «жасалымгер», таблетканы – «түймедақ», дражені – «қаптама» десем, қайсыңыз түсінер едіңіз. Қазіргі кезде осындай келеңсіз тенденция бар. Терминологиялық электрондық қор жасау жөніндегі әңгіме де шешімін таппады. Әлі күнге дейін осындай қордың болмауынан бір терминнің алты рет қабылданған кезі де болыпты.

Әрбір мекемеде аудармашының орнын «корректор» алмастырғанымен, одан ешқандай айырмашылық жоқ. Бір мекеменің барлық құжаттарын жалғыз корректор аударып отыр. Қазір еліміздегі қай қалада болсын көшелері жарнамадан көз ашпайды. Үлкен кермелерде көздің жауын алған жарнамаларды ілушілер нені насихаттаса да, зиян көрмейтіні анық. Халық көп жүретін ортада жасалған жарнама нәтижесін сол затты немесе қызметті тұтынушылар мен пайдаланушылар санының артауынан білуге болады. Көгер көздің назарын өзіне аударатын сансыз жарнамаларда екі тілде жазылатын нұсқалары да баршылық.

Бірақ, қазақ тілінің ойран-топырын шығарып, сансыз қателердің орын алғанын көргенде, орыс тіліндегі

сөздерді оқып-ақ өте бергің келеді. Мемлекеттік тілдің абыройын асқақтату – әрбір қазақстандықтың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымызды, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл болса, өзгенде сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің не тұрып жатқан еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің.

Қазақ тілі – өте бай тіл. Ол шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы. Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Ұлт мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та тау-

сылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі.

Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» - деген. Тіл байлығы – әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиісті. Амал не, туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Басқа

халықты айтағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақ қылатын кез болды.

Бүгінде де кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемейуі – қазақ тілін жақсартып, биік белестерге көтермеуіміздің қатерлі дерті табылады. Туған тілден безінген азаматтарды көргенде Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам жәндік» -деп ашына айтқаны ойға оралады. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағын да қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді әдетке айналдырған. Ата-ананы қадірлеу қалай керек болса, өз ана тілімізді қадірлеуді, қастерлеуді, аялауды қолға алайық. Төл тілінде сөйлеуден безу – ана сүтін беріп өсірген анаңды ұмытумен бірдей. Әбіш Кекілбаев үш жүздің билері жайлы: **«Бірі бастап берген әңгімені екіншісі қостай жөнелгенде тотықұстың қауырсынындай құлпырып, аяқ астынан ажарланып жүре беруші еді. Сол үшеуінің ауызының дуасындай бірлік бергенде қазақтың жұлдызы қалай-қалай жарқырап еді! Қандай қиын түйінде де Әйтеке бауыздап, Қазыбек ұшалап, Төле мүшелеп берер еді! Қандай қиқар даусең де Әйтеке айтқанда құлақ аспасқа, Қазыбек айтқанда құптамасқа, Төле айтқанда «төресі осы» -**

**День языков народа Казахстана стал отражением модели межнациональных отношений, которые исторически сложились в стране. Политика мира и согласия в РК проводится на государственном уровне и закреплена законодательно.**

**КАК ПОЯВИЛСЯ ПРАЗДНИК, КОГДА ЕГО ОТМЕЧАЮТ И ЧТО ОН ЗНАЧИТ?**

Дата и значение Дня языков народа Казахстана Исторически сложилось, что в XX веке Казахстан стал родным домом для миллионов переселенцев, представителей более 100 наций и народностей. Гостеприимные и миролюбивые казахи их приняли, дали кров и пищу, вызвав в ответ чувство благодарности людей, силой оторванных от своей земли и домов.

С момента провозглашения независимости Казахстану предстояло строить новое государство и новые общественные отношения исходя из такой исторической особенности. Достичь успеха в развитии можно было только в условиях мира и согласия между всеми этносами, населяющими страну.

Доктор юридических наук, депутат мажлиса Николай Турецкий подчеркивает, что ключевыми приоритетами казахстанской государственной политики стало укрепление общественного согласия и гармонизация межэтнических отношений. А День языков народа Казахстана стал выражением дружбы, единства, уважения к культуре и языкам всех этносов, живущих в одном государстве.

Праздник был учрежден в независимом Казахстане в 1998 году и отмечался изначально в третье воскресенье сентября. Перенесли дату празднования в 2017 году, приурочив ее ко дню рождения выдающегося просветителя Ахмета Байтурсынова. Когда отмечается День

## ДЕНЬ ЯЗЫКОВ НАРОДА КАЗАХСТАНА: ДАТА, ИСТОРИЯ ПРАЗДНИКА

языков народа Казахстана? Сегодня в перечне праздничных дат этому дню отведено 5 сентября.

Выдающийся казахский просветитель Ахмет Байтурсынов: Wikimedia Ахмет Байтурсынов в Казахстане почитается как «Ұлт ұстазы» — «Учитель нации». Он был одним из основоположников казахской лингвистики и литературоведения, разработал основы национального языкознания и научной терминологии, реформировал казахскую письменность на основе арабской графики. Ученый написал первый букварь и другие учебники на казахском языке.

Как активный участник национального движения, Ахмет Байтурсынов подвергался преследованиям как при царском правительстве, так и в советское время. Пережил аресты, тюремные заключения, ссылки, был расстрелян в 1937 году. Реабилитировали его в 1988 году, а в независимом Казахстане были признаны его выдающиеся научные достижения.

Язык каждого народа - это код его многовековой истории, культуры. Поэтому его сохранение и развитие остается важным условием формирования национальной идентичности и достоинства.

Высокая цель праздника Дня языков народа Казахстана — воспитание любви и уважения к родному языку, одновременно расширение знаний о языках других народов, живущих рядом. Уважительное отношение на государственном уровне к культуре и языкам всех этносов привело к уникальным результатам.

Представители всех народностей страны считают себя гражданами и патриотами Казахстана. Имея возможность не отрываться от своей национальной культуры и языка, они с уважением относятся к языку и культуре казахов, считают их основой единства в стране.

**ПОЧЕМУ ПОЯВИЛСЯ И КАК ПРАЗДНУЮТ**

День языков народа Казахстана в развитии каждого этноса есть две закономерные тенденции - сохранение идентичности, самобытного языка и культуры, а также поддержание интереса к особенностям других народностей. В Советском Союзе пренебрегалась первая тенденция, десятилетиями проводилась русификация. Это вызывало справедливое сопротивление внутри каждого этноса.

В Казахстане к концу 1980-х годов возобладало стремление пользоваться родным языком. С того времени стало обязательным изучение казахского языка, он стал утверждаться как государственный. Но одновременно не ущемлялись и языки национальных меньшинств, населяющих страну, сохранялись условия для их изучения в местах компактного проживания этносов.

**Уже в независимой стране в 1997 году был принят Закон «О языках в Республике Казахстан». Документ утверждает права языка титульной нации и языков всех этносов, проживающих в РК, в таких положениях:**

\* Государственный язык в стране — казахский. На нем построено законодательство страны, ведется судопроизводство, делопроизводство во всех государственных учреждениях. Обязанность каждого гражданина страны — владеть государственным языком, важнейшим фактором консолидации народа.

\*Русский язык употребляется в государственных органах и местном самоуправлении наряду с казахским. Он еще остается языком межнационального общения. Но стратегической целью стало сделать казахский язык общения этносов в стране.

\*Представители других народностей имеют право пользоваться родным языком и свободно выбирать язык общения. Своей родной язык они имеют право использовать в воспитании, обучении, в творчестве. Забота государства - обеспечить необходимые условия для этого.

Эта политика успешно осуществляется. В РК издаются газеты и есть радиотелепередачи на ряде национальных языков. В национальных школах ведется обучение на узбекском, таджикском, уйгурском, немецком, украинском языках.

Дополнительно в учебных заведениях и воскресных школах изучаются языки других национальностей. На государственном уровне поощряется триединство языков, считается важным овладение английским как языком международного общения.

**деп жығыла кетпеске жағдайы жоқ-ты. Әйтеке жарып айтады, Қазыбек қазып айтып, Төле тауып айтады деген сөз де содан қалған-ды. Үш арыс қазақ оларды сөйлетіп қойып, қақаған қаңтарда арқар сорпасын ішкендей бусанып, тал бойы түгел еріп, балбырап отырар еді-ау!»** - деген.

Олай болса, неге біздер Төле Қазыбек, Әйтеке билер билік айтақан тілден безінеміз? Әлде, өз тілімізді өгейсітіп жүргендер тілдің киесінен қорықпай ма? Б.Момышұлының атаулы сөзі ауызға оралады. Мал екеш мал да, өз «тіліңді» сөйлейді. Яғни, жылқы мөңіреп, сиыр кісінемейді. Демек, қазақ тілін мәнсінбей жүргендер қатарын өзгенің тілімен ойлап, біреуді сомдап жүргендер деуге ауыз да бармайды. Тіл халықпен бірге өмір сүріп, дамиды, яғни, тіл - әрбір халықтың дербес ұлт екендігінің анық куәсі.

Себебі, әр ұлттың тілі - сол ұлттың болашағының мықты діңгегі. Сонда біздің «шала қазақтарымыз» өз бақытынан өзі жеріп жүрген жандар ма? Ағартушы, ғалым А.Байтұрсынұлының

«Сөзі жоғалғанның өзі жоғалады» деген сөзінде терең астар, үлкен мән жатыр. Тіл байлығы – елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғамдық құрылысын, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелі, мөлшері. Бұрынғы даналардан қалған: **«Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың»** деген сөз бар. Әрине, құптарға боларлық ой, бірақ, өзге тілді білемін деп жүргенде өз тілімізден көз жауып қалмайық! Қазақстандықтардың бәріне жуығы көпұлтты ортада өмірге келген. Қазақстанның көпұлтты болуы – ешкімнің қолдан жасаған әрекетінің нәтижесі емес, тарихи даму жолымен солай қалыптасты. Және бұл біздің еліміздің кемшілігі емес, басқалардан артықшылығы. Өйткені, көптүрлі мәдениеттің, діннің, дәстүрдің, білімнің, т.б. арасынан шыққан жақсылықтарды бойымызға сіңіре аламыз.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсам, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Өлем тағыған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

ЖШ Ақпарат

Выражением национальной политики, проводимой государством, стал праздник, учрежденный в 1998 году - День языков народа Казахстана. Широкомасштабное событие не обходится одним днем, тематические мероприятия выливаются в недели, декады, месячники. Какие мероприятия проводятся ко Дню языков народа Казахстана? Главные организаторы торжеств - Министерство культуры и Ассоциация народа Казахстана.

В стране обычно проходит фестиваль языков, в рамках которого проводят самые разные мероприятия: Конкурсы на знание государственного и других языков. Конкурсы сочинений. Круглые столы и научные конференции, посвященные проблемам развития языков. Телемарафоны, в которых специалисты и зрители обсуждают, как развивается государственный язык.

Активное участие в праздничных мероприятиях этнические культурные центры. Ярким выражением единства и дружбы всех народов Казахстана становятся праздничные концерты. Ассоциация народа Казахстана:

Казахи во всех исторических перипетиях сохранили свой язык, на рубеже веков он стал основным символом независимости. Наряду с этим в стране создана успешная модель межнационального мира и согласия. Ее торжеством стал День языков народа Казахстана.

Татьяна МАРЦЕНЮК, nur.kz

# ҰБТ-ҒА САПАЛЫ ДАЙЫНДЫҚ - НӘТИЖЕ КЕПІЛІ



**ҰБТ қорытындысы – 11 жыл бойы мектеп қабырғасында алған білімнің нәтижесінің өлшеуіші. Сапа – оқушының тынымсыз еңбегінің, ал оқытушының шығармашылығымен ізденісі, жүйелі жұмысының нәтижесі екені сөзсіз. Осы сапа көрсеткіші ҰБТ қорытындысымен бағаланады. ҰБТ - мектеп түлектерінің келешек өмірі мен болашақ мамандығына алар жолдамасы. Жүйріктің бағы бәйгеде ашылса, үздік оқушының білімі ҰБТ-де көрінеді.**

Т.Рүстембеков атындағы орта мектебінің биылғы оқу жылында 10 оқушы мектеп бітірді. ҰБТ-ге 6 оқушы қатысып, жоғары нәтиже көрсетті. 2 оқушы 100-ден жоғары ұпай жинаса, 4 оқушы шекті ұпайды жинады. Физика-математика пәндерін таңдаған 3 оқушы ЖОО-ның грант иегері атанды. ҰБТ көрсеткішінің орташа балы 88% көрсетіп, аудан мектептерінің

арасында 1-орынды еншіледі. Мектеп түлектері мемлекеттік грантқа түсіп, таңдаған жоғары оқу орындарының түлегі атанып отыр. Түлектерге сапалы білім мен тәрбие беруде сынып жетекшілері А.А.Көмекбаева, С.Н.Каметжанов және М.Байбатчаева, Г.Мешитхан, М.Иманғалиева, М.Серікбаева, А.Едельбаева пән мұғалімдерінің сіңірген еңбектері орасан зор.

Түлектердің мектеп қабырғасында алған білімдерін дәлелдеуі – ұстаздар мен ата – аналарының қолдауының жемісі. Ұстаздар қауымы, қашан да үздіксіз білім бере алатынымызды жадымыздан шығармайық. Ел болашағы – білімді жастардың қолында. Ал білімді ұрпақ, жеке тұлға қалыптастыру – біздің ең басты мақсатымыз болсын!

**К.Г.ТАЖЕНОВА,  
Т.Рүстембеков атындағы орта мектебі  
Ескелді ауданы, Жетісу облысы**

# МЕКТЕПТЕ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Бүгінгі таңдағы адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы- білім болып табылады. Білім жүйесінде инновациялық технологияларды қолдану, білімнің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы айрықша.

Білім беруді жаңарту үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үдерісі , бұл білім беруде нәтижеге бағытталған өзгерістер. Қоғамдағы жүріп жатқан өзгерістер , ғылыми техникалық прогресс және жалпы білім беретін мектеп құрылымының өзгеруі- жас ұрпақты тәрбиелеуді дамытып қалыптастыруды талап етеді.

Қоғамдастықтың маңызы мектеп өмірінде күннен күнге артып отыр. Себебі мектеп ішінде ынтымақтастық оқытын білім алушылардың ғана емес, барлық балалар мүддесі үшін білім беруші ұстаздардың бірігіп мәселерді шешуді, ізденуді, жаңашылдыққа ұмтылуды, білім алушылардың білім сапасын көтеру жолында жұмыла жұмыс жүргізуде қолдау қажет екендігі бүгінгі таңның айқын мәселесі болып отыр.

Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде оның ішінде білім саласында жан-жақты сыни ойлануды, ізденуді, әр мәселе бойынша тиімді жоспар құрылып оның іске асуы өте маңызды. Осы орайда мектебіміздің оқу- тәрбие жоспарына сәйкес «Сенім» қоғамдастығы құрылып, кезіргі таңда қоғамдастықтың мүшелері, жоспары, мақсат-міндеттері айқындалып, жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Қоғамдастықтың негізгі мәселесі білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында бірлескен шаралар жүргізу, білікті мамандардың әріптестермен тәжірибе алмасудың жаңа тетігін дамыту, оқытудың тиімді әрі инновациялық тәжірибені ұсыну, қоғамдықтың аясында жаңа идеяларға қол жеткізу мүмкіндігін барынша кеңейту болып табылады.

Бүгінгі білім жүйесі мектепке ойшыл,зерттеуші ,тәжірибелі қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалімді қажет етеді.

Міне,осы өзгерісті сезінген біздің қоғамдастықтың әр мүшесі жаппай жаңартылған бағдарлама аясында өз пәніне тиесілі курстарын тәмамдап,білім беру парадигмасын өзгертіп, жаңаша көзқарас қалыптастыруда. Осы орайда, мектеп әкімшілігімен бірлескен отырыста-жалпы мекеменің жылдық жоспарымен ұштастыра және «Сенім» желілік қоғамдастық жоспарына сүйене отырып,мектептің даму бағдарламасы дайындалды.

Қоғамдастықтың жұмыс үдерісі жоспарға

сәйкес: сауалнамалар, сабақты зерттеулер, коучинг, семинар, тәлімгерлік, шебер сынып, ашық сабақтар топтамасы сынды іс-шаралар жүргізілуде.

Қоғамдастық мүшесіне мектептің деңгейлік курстарынан өткен : I-деңгей-1 мұғалім, II-деңгей -1 мұғалім, III- деңгей - 5 мұғалім, үштілділік /9 айлық курс/ -1 мұғалім , мектеп тренерлері- 2 мұғалім және мектеп әдіскері мүшелік етеді.

Бастапқы кезеңде қоғамдастықтың жұмысы қызық көрінгенімен , іс-жүзінде жұмысты жүргізу оңайға түспейді, еңбек пен шығармашылықты талап етеді.

Мектебімізде қоғамдастықтың жұмысы әрдайым мектеп әкімшілігімен бірлесе жопарланып жүргізіледі. Ұстаздардан сауалнама алынып, әріптестердің сабақ беру процесінде қандай қиыншылықтар мен ойланатын мәселелермен кездесетіндерін, оның шешу жолдары: орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарын жоспарлап құру, бағдарламалар , оқу мақсаттарын басшылыққа алып, сабақ мақсаттарын құру, АКТ тиімді қолдану, сабақ өту процесіндегі бағалауды жүргізу, саралау тапсырмаларын ұйымдастыру, кері байланысты жүргізу процестерін жүзеге асыру жолында ықпалдық ету, демеушілік етіп, бірлесе шешу болып табылады.

Кәзіргі таңның негізгі мәселесі білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру, дарынды , үлгерімі төмен және ерекше білімді қажет ететін білім алушылармен жұмыс барысын жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу мәселерінде бағыт бағдар бере отырып, қоғамдастық мүшелері коучингтар, семинарлар, ықшам сабақтар жүргізуде.

Уақыт өткен сайын қоғамдастықтың жұмысы маңыз алууда. Мектепте білім беру жүйесінде өзгеріс енгізуді үйрету үдерісін бейнелейтін стратегияның бірі деп ойлаймын. Сабақтың өту қарқынына ерекше мән беріп, ынтымақтастықта жұмыстанып, заман талабына сай білім беру жолында әлі талай белестерді еңсеріп, еңбек етеміз деген сенімдемін.

**Жадыра РАХИМБЕКОВА,  
Директордың әдістемелік  
жөніндегі орынбасары  
«Алматы облысы білім  
басқармасының Ескелді ауданы  
бойынша білім бөлімі» мемлекеттік  
мекемесінің «Жалғыззағаш орта мектебі  
МДШО» КММ**

# ЕҢБЕК ЖОЛЫҢА СӘТТІЛІК, ЖАС МАМАН!



**Жастар – еліміздің ертеңі, қуатты келешегі. Жалынды жастар елімізді дамыған елдердің қатарына қосатын үлкен қозғаушы күш иесі екені айтпаса да белгілі. Бүгінде өскелең ұрпаққа сапалы білім беріп қана қоймай, тәлім-тәрбиені қалыптастыруға өз үлестерін қосып, заман талабына сай қызмет етіп жүрген Мелькомбинат негізгі орта мектебінің жас мамандары жайлы сөз қозғамақпыз.**

2021-2022 оқу жылында мектебімізге 13 жас маман жұмысқа орналасты. Алғашқы күннен бастап жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалды. Қыркүйек айының басында 160 бұйрықты негізе ала отырып, тәлімгерлер күнтізбелік он күн ішінде жас мамандардың дайындық деңгейін және жеке қажеттіліктерін анықтау бойынша гугл форма арқылы жас мамандарға сауалнамалар жүргізді. Сауалнама нәтижелерін ескере отырып, оқу жылының басында жас мамандар мен тәлімгерлер бірлесіп атқаратын жылдық жұмыс жоспары құрылды.

Сондай-ақ, оқу жылының басында жас мамандарға 2020-2021 оқу жылының әдістемелік-нұсқау хаты, нормативтік құжаттар таныстырылды. Сонымен қатар, 130 бұйрықты негізге ала отырып, күнтізбелік жоспар жасалды. Жас мамандар электронды журнал талаптарымен (Күнделік.kz сайтына кіруді және журналды толтыру ережесімен) таныстырылды.

Мектебімізде үздіксіз өткізілетін «Еңбек жолыңа сәттілік, жас маман!» тақырыбында мектеп әкімшілігі мен тәлімгерлердің тарапынан жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда.

шеберлігін анықтау үшін жас мамандар арасында “Ал мен былай жасаймын..” атты эссе жазу байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты: әр жас маман өзі жақсы меңгерген әдіс- тәсілін, қолданып жүрген білім беру технологиясын, цифрлық ресурстарын немесе іс-тәжірибесіндегі ерекшелігін анықтау және тәжірибеде әріптестерімен бөлісу. Білімі мен білігін көрсеткен жүзден жүйрік жеңімпаздар қатарынан информатика пәнінің мұғалімі Даулбаева З.М. - 2 орын, бастауыш сынып мұғалімі Ануфриева С.Ю., математика пәнінің мұғалімі Ерғали Гүлзира 3-орындардан көрінді.

Сондай-ақ, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету және ұжымда психологиялық ахуалды қалыптастырып, ұстаздардың кәсіби құлшынысын арттыру үшін «Жарқын болашақ иесі - бүгінгі жас маман» атты байқау ұйымдастырылды. Бұл байқау жас ұстаздар арасында ұйымшылдық пен сенімділікті, жас мамандардың бір-бірімен жақын танысып, әдістемелік көмек көрсету мақсатында еркін форматта өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені химия пәнінің мұғалімі Бақытбек Мағира иеленді. 1-орынды Ұлдаханов Есен, 2-орынды Маратов Мұрат, Ерғали Гүлзира иеленсе, 3 орындардан Даулбаева Зарема, Әділбекова Айгүл көрінді. Жаңартылған білім беру мазмұнына сай әртүрлі тиімді әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді қолдану жолдарын көрсету үшін 28 қантарда жас мамандар мен тәлімгерлерге арналған “Педагогикалық шеберхана” атты фестиваль өтті. Әр жас маман мен тәлімгер осы уақытқа дейін өз педагогикалық шеберханасын қандай әдістермен толтырғанын таныстырып өтті. Жас мамандарды қолдау үшін ұйымдастырылған



Жыл сайын ұйымдастырылатын «Жас мамандар» апталығы өткізілді. Апталық барысында мектептің тәжірибелері мұғалімдері “Қалыптастырушы бағалау. Кері байланыс.Рефлексия”, “Блум таксономиясының танымдық деңгейлері”, “Саралау тәсілдері”, «Белсенді әдіс-тәсілдердің тиімділігі», тақырыбында шебер-сыныптар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, көрсетілімдер Апталық барысында ұстаздық жолын бастаған жас мамандардың

бұл шарада өздерінің креативті ойларын, жаңашыл идеяларын сабақ беру процесінде ұтымды қолдана білген жас ұстаздардың дайындықтары жоғары деңгейде екені айқын көрініп, барша қатысушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Жас мамандардың еңбек жолына қолдау көрсету, әдістемелік көмек ұсыну, бағыт-бағдар көрсетіп, педагогикалық талантты үйретуші тәлімгер ұстаздар қауымы ұстаздардың ұстазы десек артық болмас. Білімі мен біліктілігін, шеберлігі мен жаңашылдығын көрсетіп, әрдайым жас мамандардың әдістемелік қоржынына пайдалы әрі қажетті ақпаратпен бөлісе білген жол сілтер тәлімгер ұстаздарға шығармашылық табыс тілейміз.

Үздіксіз жүзеге асатын жас маман-тәлімгер жүйесі үнемі педагогикалық процесс. Мектебімізде жас ұстаздарды жаңа қырларынан танып, шеберліктерін шыңдау мақсатында түрлі шаралар ұйымдастыру әлі жалғасын табары анық.

**А.Ж.КОСАХБАЕВА,  
Мелькомбинат  
негізгі орта мектебінің  
оқу ісі жөніндегі  
орынбасары**



# МҰҒАЛІМ БОЛУ-БҰЛ ҚАБІЛЕТТІЛІК

Әрбір ата – ана үшін баланың өсу, қалыптасу және даму жылдарында білім беру үрдісінің жарығы мен қуанышын алып жүрген мұғалімнің қасында болуы, адамның басты рухани қажеттілігі ретінде білімге деген көзқарасты тәрбиелейтін досы, тәлімгері және шабытшысы мұғаліммен бірге болуы маңызды. Бақытымызға орай, біздің 6 «Б» сыныбының ата-аналары мен балаларына Н.Алдабергенов атындағы орта мектептің тарих және география пәнінің мұғалімі Нестеренко Анжелика Викторовнаның сынып жетекшілік ететініне қуаныштымыз.

«Сабақ мұғалімнің жалпы және педагогикалық мәдениетінің айнасы, оның интеллектуалдық байлығының өлшемі, ой-өрісі мен эрудициясының көрсеткіші», - деген В.А. Сухомлинскийді Анжелика Викторовнаның сабақтарымен сипаттауға болады. Олардың барлығы шындықты іздеуге, балалармен бірлескен іс-әрекетке негізделген. Мұғалім сабақты балаларға тартымды етіп, ынтасын арттырып, тарих және география пәніне қызығушылықты дамытатын CANVA және Pictochart сияқты цифрлық ресурстарды белсенді пайдаланады. Анжелика Викторовна әзірлеген контекстік тапсырмалар балаларға өте ұнайды, өйткені олар жергілікті компонентті пайдалана отырып, нақты өмірлік жағдайға негізделген және осылайша функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді. Анжелика Викторовнаның жалпы адамзаттық мәдениетінің жоғары деңгейі әрбір баланың өмір сүруіне, меңгеруіне, тарих және география объектілерінің



жан-жақтылығын түсінуге көмектеседі. Ол шексіз шыдамдылық пен оқушының білімді меңгеруінің ең қысқа жолын таба алатын қабілетіне ие. Сонымен, қашықтықтан оқыту кезінде Анжелика Викторовна тарих және география бойынша қызықты бейнесабақтарды әзірледі, бұл оқушыларға оқу материалын тиімді меңгеруге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар аудан және облыс мұғалімдеріне әдістемелік қолдау болды. Ұстазымыздың жеңістеріне дән ризамыз: облыстық «Үздік бейнесабақ» байқауында 1-орын (2020 ж.), облыстық «Әдістемелік шеберхана» байқауында 1-орын, география мұғалімдерінің облыстық олимпиадасында Бас жүлде (2021 ж.) және біз оның кәсібилігін мақтан тұтамыз. Анжелика Викторовна - өмірге ынталы және тынымсыз ізденуші.

Әрқашан ізденіс үстінде, әрқашан бір нәрсені үйренеді және ең күтпеген жобаларға қатысудан қорықпайды, осылайша оқушыларды да қызықтырады. Анжелика Викторовнаның жетекшілігімен біздің балаларымыз жалғызбасты қарт адамдарға көмек көрсету, көңіл бөлу және қолдау көрсету мақсатында «Жүректерімізді мейірімділікпен жылытайық» еріктілер тобының жұмысына бірінші жыл қатысып отырған жоқ. Осы жасақ құрылған уақыт ішінде сынып жетекшіміз оқушылармен «Қамқорлық», «Көмек қолы», «Жалғыздықсыз үй», «Мейірімділік нүктесі» атты 20-дан астам акциялар мен кездесулер ұйымдастырды. Балалармен мұндай жұмыс елеусіз қалмайды. Еріктілер қозғалысының арқасында балалардың бойында мейірімділік, қамқорлық,

қайырымдылық, жауапкершілік сияқты ең жақсы адамгершілік қасиеттер қалыптасады.

Мектебіміздің директоры Л.А.Усербаеваның айтуынша, ұстаздық кәсіптің мәні әрқашан өзгеріссіз – жақсылық пен білім әкелу. «Шебер ұстаз» - деп, Анжелика Викторовнаны айтуға болады. Оның жеке қасиеттері мен жоғары кәсібилігінің керемет үйлесімі бар! Мұғалім шығармашыл, белсенді, өз пәнін ғана емес, өз мамандығын, ең бастысы балаларды жақсы көреді.

Анжелика Викторовна тәрбие жұмысында еліміздің тарихына, көпұлтты Қазақстанда тұратын халықтардың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне көңіл бөліп, балаларымыздың бойында отансүйгіштік пен Отанға деген құрмет сезімін дамытады. Осы жұмыстың нәтижесі «Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі» атты республикалық бейнероликтер байқауында 6 «В» сыныбының жеңіске жетуі болды.

Анжелика Викторовна - педагогикалық шеберлігін жетілдіруге үнемі ұмылатын шығармашыл тұлға. Қоянды жотасы – тауының флорасы мен фаунасы туралы кітапша жазып, облыстық өлкетанудан «Өңір систематикасы» байқауында 2-орынға ие болды, Қарабұлақ ауылында топырақты зерттеумен айналысты, соның негізінде ғылыми жұмыс жазып, облыстық «Әр географ-өлкетанушы» байқауында 3 орынға ие болды. Сынып жетекшіміздің барлық жеңістері мен жетістіктері балаларға үлкен әсер етеді, олар оқуда жоғары нәтижелерге қол жеткізгісі келеді, жарнамалық акциялар

мен сыныптан тыс шараларға қуана қатысады. Бәлкім, олар да жоғары сыныптарда Анжелика Викторовна жетекшілік ететін «Лидер» пікірсайыс клубының мүшесі болып, азаматтық ұстанымын қорғап, аға жолдастарының игі дәстүрін жалғастырып, аудан, облыс көлеміндегі пікірсайыс турнирлерінің жеңімпазы атанатын шығар.

Менің қызым Анжелика Викторовнаны шебер, білікті МҰҒАЛІМ деп есептейді. Ол кісі қатал, ақылды, мейірімді, әділ, әдепті. Варяның айтуынша, бірнеше минуттан кейін мұғалім жан-жағымызға үнсіз қарап тұрғанда, ол әрқайсымыздың жан дүниемізге ене алатындай сезімге ие болады. Ол бізге ешқашан дауыс көтермейді, керісінше, сабырлы, тіпті тыныш сөйлейді, сондықтан сыныпта әрқашан тәртіп пен тыныштық болады. Анжелика Викторовна бізді мойынсұнғыш ұлдар мен қыздар емес, мейірімді және әдепті адамдар етіп шығаруға тырысады.

Анжелика Викторовнаның шынайы мейірімділігі мен талапшылдығы, аналық даналығы, педагогикалық іс-әрекеттерінің жүзілімі арқасында балаларымыз сабақта, мектепте өзін еркін сезінеді. Олар өздерін жақсы көретініне, бағалайтынына, құрметтейтініне сенімді, кез келген сәтте көмекке келетінін біледі. Ал біз, ата-аналар, балалардың осындай сенімді, қабілетті қолда екеніне қуаныштымыз. Ұстазымызға кәсіби жеңістер, шығармашылық табыс және нағыз бақыт тілейміз.

Ата -ана Н.Н. Голуценко

## БЫТЬ УЧИТЕЛЕМ ЭТО ПРИЗВАНИЕ

Как важно для каждого родителя, чтобы ребенок в годы взросления, становления и развития личности оказался рядом с учителем, несущим свет и радость процесса познания, с учителем, который бы воспитал отнюдь не знания, как к главной потребности человека, с учителем – другом, наставником и вдохновителем. К счастью, родителям и детям нашего 7 «В» класса повезло быть с таким учителем и классным руководителем в лице Нестеренко Анжелики Викторовны, учителем истории и географии средней школы имени Н. Алдабергенова. «Урок – это зеркало общей и педагогической культуры учителя, мерило его интеллектуального богатства, показатель его кругозора и эрудиции», - этими словами В.А. Сухомлинского можно охарактеризовать уроки Анжелики Викторовны. Все они построены на поиске истины, совместной деятельности с детьми. Учитель активно использует цифровые ресурсы, например CANVA и Pictochart, которые делают урок привлекательным для ребят, способствуют повышению мотивации и развития интереса к предметам истории и географии. Детям очень нравятся контекстные задания, разработанные Анжеликой Викторовной, потому что они основаны на конкретной жизненной ситуации с использованием местного компонента и тем самым способствуют развитию функциональной грамотности. Высокий уровень общечеловеческой культуры Анжелики Викторовны помогает каждому ребенку прожить,

освоить, понять многогранность предметов истории и географии. Она обладает безграничным терпением и способностью найти самый короткий путь, чтобы ученик овладел знаниями. Так во время дистанционного обучения Анжелика Викторовна разработала интересные видеуроки по истории и географии, которые помогли не только эффективнее усвоить учебный материал ее ученикам, но и послужили методической поддержкой для учителей района и области. Мы очень рады победам нашего учителя: 1 место в областном конкурсе «Лучший видеорок» (2020г.), 1 место в областном конкурсе «Әдістемелік шеберхана», Гран-при в областной олимпиаде учителей географии (2021г) и гордимся ее профессионализмом. Анжелика Викторовна – большой энтузиаст и неутомимый искатель по жизни. Всегда в поиске, всегда чему-то учиться и не боится браться за самые неожиданные проекты, тем самым увлекая за собой и учеников. Уже не первый год наши дети под руководством Анжелики Викторовны участвуют в работе волонтерского отряда «Согреем сердца добротой», целью которого является оказание помощи, внимания и поддержки одиноким престарелым людям. За время существования этого отряда наш классный руководитель организовала с ребятами более 20 акций и встреч: акция «Забота», «Рука помощи», «Дом без одиночества», «Точка доброты». Такая работа с детьми не проходит бесследно. Благодаря волонтерскому движению у ребят формируются лучшие моральные качества: доброта, милосердие, отзывчивость, ответственность. Особое место в воспитательной



работе Анжелика Викторовна уделяет истории нашей страны, обычаям и традициям народов, проживающим в многонациональном Казахстане, развивая патриотизм и уважение к Отечеству в наших детях. Результатом этой работы стала победа 6 «В» класса в республиканском конкурсе видеороликов «Обычаи и традиции казахского народа». Анжелика Викторовна – творческая личность, постоянно стремится к совершенству своего педагогического мастерства. Она написала брошюру о флоре и фауне хребта Коянды – тау и заняла

2 место в областном конкурсе по краеведению «Өңір систематикасы», занималась исследованием почв села Карабулак, на основе которого написала научную работу и заняла 3 место в областном конкурсе «Әр географ-өлкетанушы». Все победы и достижения нашего классного руководителя оказывают большое влияние на детей, им хочется добиваться высоких результатов в учебе, они с удовольствием участвуют в акциях и внеклассных мероприятиях. Возможно, в старших классах они также станут участниками дебатного клуба «Лидер», которым руководит

Анжелика Викторовна, научатся отстаивать свою гражданскую позицию и продолжат хорошую традицию старших товарищей – становиться победителями дебатных турниров в районе и области.

Суть профессии учителя всегда остаётся неизменной – нести добро и знания. Именно о таких, как Анжелика Викторовна, говорят – «учитель от бога». В ней есть необыкновенное сочетание личных качеств и высокого профессионализма! Учитель творческий, инициативный, любящий не только свой предмет, но и профессию, а самое главное – детей.

Благодаря душевной доброте и требовательности Анжелики Викторовны, ее материнской мудрости, последовательности педагогических действий, наши дети чувствуют себя комфортно в классе, в школе. Они уверены, что их любят, ценят, уважают, знают, что в любую минуту придут на помощь.

Моя дочь считает, что Анжелика Викторовна – УЧИТЕЛЬ с большой буквы. Строгая, умная, добрая, справедливая, тактичная. Варя говорит, что за несколько минут, когда учительница, молча, оглядывает нас, создаётся ощущение, что она успеваеет проникнуть в душу каждого из нас. Она никогда не поднимает голос на нас, наоборот, говорит спокойно и даже тихо, поэтому в классе всегда порядок и тишина. Анжелика Викторовна старается сделать из нас не послушных мальчиков и девочек, а добрых и порядочных людей.

А нам, родителям, спокойно и радостно от того, что дети в таких надежных умелых руках. Нашему учителю мы желаем профессиональных побед, творческих успехов и настоящего человеческого счастья.

Родители 7В класса  
СШ им.Алдабергенова

# РАБОТА ПО УСИЛЕНИЮ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ

Под коррупцией понимается не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей либо иное использование ими своих полномочий для получения имущественной выгоды, а равно подкуп данных лиц путем противоправного предоставления им физическими и юридическими лицами указанных благ и преимуществ.

Таким образом, данные определения понятия коррупции, показывают на то, что коррупция (в широком смысле слова) - это социальное явление, заключающееся в разложении общества, когда государственные служащие, лица, уполномоченные на выполнение государственных и иных управленческих функций, в том числе и в других организациях, используют свое служебное положение, статус и авторитет занимаемой должности вопреки интересам службы и установленных нормам права и морали в целях личного обогащения. Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают

в обществе недоверие к органам власти. И в нашей республике с момента обретения независимости приняты нормативные правовые акты и государственные программы по противодействию проявлениям и борьбе с коррупцией.

В современном мире работа по усилению борьбы с коррупцией ведется непрерывно и постоянно совершенствуются. В мире нет уникального набора механизмов борьбы с коррупцией, который оптимален для всех стран. Специфика наборов методов по борьбе с коррупцией, принимаемых каждой страной, уникальна и зависит не только от политической и экономической стабильности, но и от обычаев и традиций, религиозных особенностей и уровня правовой культуры, а также от площади занимаемой территории, плотности, численности населения.

Стимулирование антикоррупционного поведения граждан предусматривается одной из мер противодействия коррупции, включающие механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией. Законом особое место уделено вопросам преодоления проблем борьбы с коррупцией и мерам по предупреждению ее проявлений.

Улан МАМЫТБЕК,  
Судья Ескельдинского районного суда

# БЖЗҚ САЙТЫНДАҒЫ “ЗАҢДЫ ТҰЛҒА КАБИНЕТІ” СЕРВИСІНДЕ ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

БЖЗҚ сайтының “Жеке кабинет” - <https://jurcabinet.enpf.kz/auth> “Заңды тұлға кабинеті” бөліміне зейнетақы қызметтерін көрсетуді жақсарту мақсатында жаңа қызметтер енгізілді.

Естеріңізге сала кетейік, сервисті пайдаланушылардың мақсатты аудиториясы-салық агенттері болып табылатын, міндеттеріне қызметкерлердің зейнетақы жарналарын аудару кіретін жұмыс берушілер. Сервис жұмыс берушілерге БЖЗҚ-ға жарналардың барлық түрлерін: міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша төлем тапсырмаларын қалыптастыруға, өңдеуге және басып шығаруға мүмкіндік береді.

“Заңды тұлға кабинеті” сервисінде БЖЗҚ-ға өңдеу (қызметкерлерді жою және қосу) мүмкіндігі бар төлемдерді жіберу қажет қызметкерлердің тізімін көруге болады. Бұдан басқа, сервисте төлемдер тарихында бұрын қалыптастырылған төлем тапсырмалары бойынша барлық деректерді қарауға болады.

Жаңа қызметтер енгізе отырып, сервис жұмыс берушілерге мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Енді сіз өз парақшаңызды компанияңыздың бейні бойынша ақпаратпен толықтыра аласыз,



мысалы, ұйымның мекенжайын, байланыс деректерін (телефон нөмірін) және электрондық пошта мекенжайын қоса аласыз, Е-отініш порталына өтініш бере аласыз және кері байланыс ала аласыз, сондай-ақ кез келген кезеңде жасалған іс-әрекеттер және енгізілген өзгерістер туралы есепті көре аласыз. Сондай-ақ, сервисті пайдаланушыларда “Заңды тұлға кабинеті” бетінен тікелей сілтеме бойынша ақпараттық-анықтамалық базаларға (реттеуші нормативтік-құқықтық актілерге, жадынамалар мен нұсқаулықтарға, өтініш бланкілеріне сілтемелер) өту мүмкіндігі пайда

болды, яғни қажетті ақпаратты іздеу үшін кабинеттен кетудің қажеті жоқ.

**Ең маңызды қосымша! Енді Заңды тұлға кабинетін ЭЦҚ болған жағдайда жеке кәсіпкер мәртебесі бар жеке тұлғалар да пайдалана алады. Бұрын қол қою құқығы бар бірінші басшыға ғана немесе заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда қаржылық құжаттарға қол қою құқығы берілген адамға ғана заңды тұлғаның кабинетіне қолжетімділік берілген болатын.**

# ВНИМАНИЕ: АКТИВИЗИРОВАЛИСЬ МОШЕННИКИ

Единый накопительный пенсионный фонд предупреждает о новой мошеннической схеме. Начались единичные случаи звонков неустановленных лиц, представляющих работников АО «ЕНПФ», которые просят пополнить некий банковский счет для разблокировки пенсионного счета вкладчика.

Пенсионный счет, по словам звонивших, будет использован якобы для платежей от иностранных банков для оплаты возмещения по судебным разбирательствам. В случае отказа

перевести средства пенсионный счет якобы останется заблокированным.

ЕНПФ предупреждает, что подобные звонки поступают не от работников ЕНПФ и в случае поступления таких звонков настоятельно просит прервать разговор (!). Также напоминаем следующие моменты:

- согласно п.3 ст. 50 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» (далее – Закон) наложение ареста или обращение взысканий, в том числе на пенсионные накопления по долgam вкладчика (получателя), не допускается.

- в соответствии с пп.14) ст. 98 Закона Республики Казахстан «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» взыскание не может быть обращено на пенсионные накопления по долgam вкладчика (получателя).

Таким образом, на пенсионные накопления, имеющиеся на Вашем индивидуальном пенсионном счете, не может быть обращено взыскание судебного исполнителя или любого третьего лица.

Ваш индивидуальный пенсионный счет не может быть заблокирован ни при каких обстоятельствах!

# ҚҰТЫРМА – АСА ҚАУІПТІ АУРУ



Құтырма вирусы орталық жүйке жүйесін зақымдайды

Құтырма ауруының инкубациялық кезеңі 10 күннен 1 жылға дейін.

Аурудың 3 кезеңін ажыратады:

- I - Бастапқы (депрессия);
  - II – Қозу;
  - III - Салдану.
- Жарақат алған кезде міндетті түрде:
- Жараны дер кезінде кем дегенде 15 минут сабынды сумен жуу;
  - Медициналық көмекке жүгініп, антирабикалық екпе алу.

- Антирабиалық вакцина мен иммуноглобулин ауруға қарсы жалғыз ем.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,  
Ескелді аудандық СЭББ басшысы;  
Д.БЕКТЕНОВ,  
жетекші маман

Құтырма ауруы Дүние жүзінде және Қазақстанда күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Құтырмамен ауырған адамдардың ішінде 14 жасқа дейінгі балалар 40% құрайды.

Құтырма (rabies, lyssa, hydrophobia) - орталық жүйке жүйесін зақымдайтын, қатынаспен берілетін, ем қабылдамаған жағдайда ерқашан өліммен аяқталатын вирустық ауру.

Құтырманың жұқпа көздері:

- Түлкі;
- Кеміргіштер;
- Қасқыр;
- Ірі қара мал;
- Ит;
- Ұсақ мүйізді мал.
- Мысық;

Бас миының қабынуы

Вирус ағзаға ауру жануар тістегенде, сілекейленгенде жұғады



# БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫНЫҢ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ 501 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕДЕН АСТЫ



2022 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинақтарының сомасы 13,7 триллион теңге болды. Бұл қаражаттың зейнетақы жарналары мен инвестициялық табысты қамтитыны белгілі.

Зейнетақы жинақтарындағы инвестициялық табыстың үлесі жыл сайын өсіп келеді. Жалпы, 2014 жылдан бері Ұлттық банк қамтамасыз еткен таза инвестициялық табыс (БЖЗҚ-да барлық зейнетақы активтерін біріктіру үрдісінің аяқталуы) 6,5 трлн теңгеге жетті.

2022 жыл геосаяси жағдайдың нашарлауы аясында қаржы нарықтарындағы жалпы тұрақсыздықпен сипатталады. Кезең басынан бастап инфляцияның өсуі және қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалауға байланысты және оң да, теріс те

көрсеткіштерді көрсететін зейнетақы активтері кірістілігі көрсеткіштерінің құбылмалылығы байқалады.

Дегенмен, құралдар, салалар және валюталар бойынша портфельді әртараптандыру есебінен шілде ішінде өткен айлардың уақытша төмендеуін жапқан оң инвестициялық табыс алынды. Жеті айдың қорытындысы бойынша салымшылар мен алушылардың шоттарына 501 млрд теңгеден астам инвестициялық табыс түсті. Зейнетақы активтері бойынша ҚР Ұлттық Банкімен қамтамасыз етілген соңғы 12 айдағы табыстылық (2021 жылдың шілдесінен 2022 жылдың тамызына дейін) 8,24% құрады.

Айта кету керек, зейнетақы жинақтары – бұл ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық табыстың мөлшерін кемінде 1 (бір) жыл кезеңінде талдау орынды. Қысқа мерзімді деректер (апта сайынғы, ай сайынғы және т.б.) – айқын нәтиже көрсетпейді, өйткені, ол нарықтың

үнемі құбылмалылығына тәуелді.

Мысалы, 2021 жылы салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ-сына бөлінген таза инвестициялық табыс шамамен 1,4 трлн теңгені құрап, бұл бір жыл ішінде түскен жарналар мөлшерінен асып түсті (1,3 трлн теңге). БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік ҚР Ұлттық Банкінің басқаруымен былтыр жыл басынан бері 11,13% көрсетсе (бұл мерзімді банк депозиттері бойынша табыстылықтан жоғары), инфляция 8,4% болды.

Айта кетейік, жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған күннен бастап (1998 жыл) 2022 жылдың 1 тамызына инвестициялық табыстылық барлық кезеңдегі инфляция 622,44% кезінде есу қорытындысымен 710,11%-ды құрады. Осылайша, 2022 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қолданысы басталған кезеңде зейнетақы активтерінің нақты (яғни инфляциядан асатын) табыстылығы 87,67% құрады.

Инвестициялық басқарудың және зейнетақы активтерін есепке алудың барлық жүйесі ашық болып табылады: әрбір салымшы өзінің инвестициялық табысын enpf.kz сайты немесе мобильді қосымшадағы жеке кабинеттен көре алады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі және БЖЗҚ зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗҚ ресми сайтындағы ([www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)) «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады

# ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА МӘДЕНИ - БІЛІМ БЕРУ ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Енді мектеп оқушылары Қазақстан тарихын ҚР Ұлттық музейінде оқи алады. Бүгін Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев «Музейдегі оқу күні» атты жаңа мәдени-білім беру жобасының басталғаны туралы хабарлады. Сабақтың тақырыбы мен мазмұны оқу бағдарламасына толық сәйкес келеді.

Жоба 5-9 сынып оқушыларының қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша теориялық білімдерін бекітуге бағытталған.

- Балалар төл тарихымызды музей экспонаттарының көмегімен зерттейтін болады, бұл балалар үшін де, педагогтар үшін де тамаша мүмкіндік. Зерттеуші ғалымдар, ҚР Ұлттық музейінің экскурсия жетекшілері орта мектептің тарих пәнінің мұғалімдерімен бірлесіп, геймификация элементтерін қолдана отырып, интерактивті сабақтар өткізеді. Сабақ барысында оқушылар экспонаттармен жақынырақ таны-



сып, артефактілердің көшірмелерін қолда ұстай алады, - деп атап өтті ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

Сабақтар музейдің экспозиция залдарында өтеді. Бір дәрістің ұзақтығы 35-45 минутты құрайды. Еліміздің басқа қалаларының оқушылары үшін

музей сабақтары жақын арада онлайн форматта қолжетімді болады. Ол үшін музей қызметкерлері видео сабақтар дайындаған.

Айта кетейік, жоба «Балалар жылы» аясында жүзеге асып отыр.

ҚР МСМ баспасөз қызметі

# «БІЛЕ ЖҮРГЕНІҢ АРТЫҚ БОЛМАС...» АЙДАРЫНА ЭКОСОФИЯ ІЛІМІНІҢ ҰСТАНЫМЫ

Экософия – экологиялық проблемаларды шешудің ежелден қалыптасқан дәстүрлі амалын ұсынады. Бұл дегеніміз - бәрімізге ортақ табиғатты сую, аң-құсты аман сақтайтын ілім. Табиғаттың, аң-құс, жәндіктердің киесі мен қасиетін насихаттайтын аңыз-қиссаларды қайта тірілмеді. Қоршаған ортаның кие-құтын арттыру арқылы экологиялық этикетті қалыптастырады.



Норвегия философы, эколог Арне Несс 1973 жылы «экософия» терминін ойлап тауып, табиғатты қорғауда халық санасындағы аңыз-дастандарға сүйенуге үндейді. Негізгі ұстанымы: табиғаттың киелі мәніне үгілу, әр жануардың, құстың аңызын біліп, дәріптеуге шақыру. Ол балалардың қарлығашқа киелі құс деп қарауының, ал торғайды аямай өлтіруінің себебін іздеген. Егер торғай туралы да аңыз немесе ертегі болса, оны ешкім өлтірмес еді. Ғалым осылайша жануар мен өсімдік туралы ғибратты әңгімелер барда табиғатты заңның араласуынсыз-ақ қорғауға болатынын дәлелдеген.

1985 жылы осы ұғымды Тайланд экологы Нэнси Нэшем практикада қолдануды ұсынады. Жергілікті тұрғындар будданы ұстанатындықтан, осы діндегі табиғат пен жан-жануарға қатысты аңыздарды жинайды. Кітапты мектепке таныстырып, оқыта бастайды. Осы себептен 10-20 жылдан кейін Тайландтың табиғаты жақсарған екен. Адамдар жануарларға жанашырлық танытқаннан кейін олар қалаға келіп, еркін өмір сүре бастаған. Бұл жағдай елде туризмнің дамуына себеп болған.

Әділбек Нәби, Сәкен Нұрқабекұлы және Мұхит Төлеген философтардың бұл идеясын біздің қоғамға да енгізу керек деп есептеп, «Экософия немесе киелі табиғат» атты кітап шығарды. Кітап қоршаған ортаны қорғауға ғана үндемейді, қоғамда кие түсінігін қалыптастыруға да көмектеседі. Бұл кітапты қазіргі балаларға бұрынғы ата-әжелерден қалған өсиет деуге болады. Тіршіліктің киелі екенін ұғындыратын аңыздарды дәріптеудің де маңызы зор екенін түсіндіреді. Кітап қазақ фольклорындағы өсімдік пен табиғат туралы қисса-дастандарды жинақтап, табиғат, жан-жануар, экология тақырыбына

жанашырлықпен қарайтын ұрпақтың санасын қалыптастырады.

Табиғаттағы кейбір аң-құстар туралы киелі аңыздар бар екенін біліп, оқып жүрміз. Мысалы, Маңғыстаудағы Оғланды тауында арқарлар емін-еркін жайылады, ешкімнен үркіп қашпайды. Адамзат баласының да оларды атуға қолдары бармайды. Себебі, оларды Бекет атаның арқары деп таниды. Оларды сақтап тұрған – Бекет әулиенің шарапаты мен киесі. Ал, басқа аймақтағы арқар мен киіктің адамның өзі тұрмақ, иісі жетсе, қаша жөнелетінін білеміз.

Халқымыз ақуды киелі санайды. Оған бір себеп – М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы, Н. Тілендиевтің «Аққу» күйі, С. Сейфуллиннің «Аққудың айырылысуы» поэмасы, бабаларымыздың аққуға байланысты даналық ұғымдары, теңеулері.

Қазіргі таңда табиғатты ластау, қоршаған ортаны қорлау үйреншікті құбылысқа айналып бара жатқандай. Экология мәселесі мемлекеттің ерекше назарында. Әдетте, экологтар проблеманың деңгейін көрсетеді. Мемлекет оларға айыппұл салады. Қоғам белсенділері кім кінәлі екенін анықтайды. Табиғатты ластаушылар мен браконьерлерге тосқауыл қойылуда. Экософия ғылымы да соның бір бағыты. Алдағы міндет – болашақ экологиялық сауаттылықты арттыру. Табиғаттың аң-құсы мен өсімдігі де адамзаттың ортақ дүниесі. Оны қорғау үшін жұмыла күресу әрқайсымыздың парызымыз.

Жібек ШЕРМУХАНБЕТ, Жетісу орта мектебінің 9-сынып оқушысы

# 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР МӘМС ЕСВБІНЕН ТІСТЕРІН ЕМДЕЙ АЛАДЫ

Стоматологиялық көмек - медициналық көмектің ең қымбат қызметтерінің бірі болып саналады. Әкінішке орай, мамандар ұсынғандай, алдын-алу мақсатында тіс дәрігеріне баруды барлық адамның жағдайы көтере бермейтіндіктен, әрдайым қолжетімді емес. Мүмкін, сондықтан да Қазақстанда балалар тісжегісі бойынша статистика қарқынды өсуде.

Ресми мәліметтер бойынша, балалардың 82% - ында тіс ауруы бар. Көбінесе ата-аналар балаларды тіс дәрігеріне ауыз қуысының аурулары асқынған кезде әкеледі.

Бірақ, мүмкін, мұндай көрініс көптеген ата-аналардың тегін жо-спарлы профилактикалық тексеру-лер мен қажет болған жағдайда тегін емдеуді, сондай-ақ 18 жасқа дейінгі барлық балалар үшін шұғыл көмек көрсетуді көздейтін МӘМС пакетінің мүмкіндіктері туралы білмейтіндігінен де туындайтын шығар.

Естеріңізге сала кетейік, халықтың бұл санаты жеңілдікті санатқа жа-тады және олар үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды мемлекет төлейді. Сондықтан әрбір бала 18 жасқа



толғанға дейін автоматты түрде «сақтандырылған» мәртебесін ала-ды.

Сонымен, қандай жағдайда сізге өз қалтаңыздан төлеудің қажеті жоқ?

- \* рентген-сурет үшін;
- \* тісті жансыздандыру және жұлу, сондай-ақ пломба салу үшін;
- \* абсцесстерді ашқаны, пульпит пен периодонтитті емдегені үшін;
- \* гипоплазия, флюороз кезінде тістің анатомиялық пішінін толық функцио-налды қалпына келтіргені үшін;

\* еріндер мен тіл жүгеншегінің пла-стикасына;

\* жақ-бет аймағының туа біткен па-тологиялары және таңдайдың бөлінуі (қасқырдың аузы) болған кезде ортодонтиялық қызметтер үшін.

Сондықтан, егер сіздің балаңызға тіс дәрігерінің көмегі қажет болса, сіз өз емханаңызға немесе Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының әлеуметті жеткізушісі болып табылатын жеке стоматологияға бірден жүгіне аласыз.

# ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАҒЫТ БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКЕН АЗАМАТ

Дәулетхан Нұржан 20.04.1986 жылы дүниеге келген. Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылының тұрғыны. Көпбалалы ана, 4 баласы бар. 2018 жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек алады. 2021-2022 жылдар аралығында жұмыспен қамту орталығының бағдарламасы арқылы кон-дистер мамандығына 10 айлық тегін оқу оқып, дипломын алды. 2020 жылы жолдасы Дәулет Әділбек осы бағдарлама арқылы аспазшы мамандығына 3 айлық курс оқып, қазір сол мамандық бойынша жұмыс жасап жатыр.

Қазіргі уақытта қажетті құрал жабдықтарын алып, өз кәсібін бастады. Әр түрлі бәліштер (торт), бауырсақ, өрілген нанға тапсырыс қабылдап, пісіріп сатады. Осылайша жұмыспен қамту орталығы қарапайым халыққа тегін құрстар оқып, өз кәсібін деңгейлетуге мүмкіндіктер береді.

Еңбек етпей –елге өкпелеме , Егін екпей –жерге өкпелеме демекші, үйдің күйбен тіршілігіне қарамастан, адал еңбегімен қосымша табыс тауып, бала-шағасын асырап отырған Нұржанға сәттілік, жұмысының алға басуын тілейміз.



К. КУДЬЯРОВ, Жұмыспен қамту орталығының директоры

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Түрлі хабарландыруларды «Жетісу шұғалысы» газетіміздің беттерінде тегін және ақылы негізде жариялауға қабылдаймыз. Анықтама телефоны: 3 - 04 - 75, +7 747 428 70 29

## УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Принимаем различные объявления для публикации на страницах нашей газеты «Жетісу шұғалысы» на бесплатной и платной основе. Справки по тел.: 3 - 04 - 75, +7 747 428 70 29

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Директордың телефоны 3-04-75 Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г күәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 2000 Тираж 2000 Тапсырыс 1071 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.

# ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Открылось наследственное дело на имя умершей Вебер Валентины Павловны дата смерти 28 августа 2022 года. Наследников и заинтересованных лиц просим обратиться к нотариусу села Карабулак. Тел.: 8 728 363 00 99.

**АРАЙ БІЛІМ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ**

**-МЕКТЕП АЛДЫ ДАЯРЛЫҚ; -БАСТАУЫШ СЫНЫП ТЖБ, БЖБ; -КӨРКЕМ ЖАЗУ; -АҒЫЛШЫН ТІЛІ; -ОРЫС ТІЛІ; -ҰБТ ҒА ДАЙЫНДЫҚ; -НЗМ; КТЛ; 20,24 ЛИЦЕЙ-Е ДАЯРЛАУ.**

**БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ: 87474287029**

**ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫ, БАЛПЫҚ БИ К-СІ, 109**

**УЧЕБНЫЙ ЦЕНТР "АРАЙ БІЛІМ"**

**-ПОДГОТОВКА ЕНТ; -ПОДГОТОВКА В НИШ, КТЛ, 20, 24 ЛИЦЕЙ; -ПОДТОВКА К ШКОЛЕ; -НАЧАЛЬНАЯ ШКОЛА; -АНГИЙСКИЙ ЯЗЫК; -РУССКИЙ ЯЗЫК;**

**ОБРАЩАТЬСЯ ПО НОМЕРУ: 8 747 428 70 29**

**П. КАРАБУЛАК, УЛ. БАЛПЫҚ БИ, 109**